

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Ортопедиялық стоматология пропедевтикасы модулі

СРС

Презентация

Тақырыбы:

Көмекші (жадығаттар) материалдар. Қалыптық (жадығаттар) материалдар. Балауыздар. Жіктелуі. Құрамы, қасиеті және қолданыстары. Абразивтік материалдар, жіктелуі және қолданылуы. Қалыптауыш материалдар.

Қабылдаған: Есіркепов А.Ә

Орындаған: Балқан А.С

Факультет: Стоматология

Тобы: 12-001-01

Алматы 2013 ж

Жоспары:

- Көмекші материалдар туралы жалпы түсінік;
- Көмекші материалдардың жіктелуі;
- Қалыптық материалдардың жіктелуі;
- Балауыздардың жалпы сипаттамасы;
- Балауыздардың жіктелуі;
- Стоматологиялық балауыздардың құрамы мен негізгі қасиеттері;
- Абразивті материалдар туралы жалпы мағлұматтар;
- Абразивтердің жіктелуі;
- Қалыптауыш материалдарды туралы жалпы мағлұматтар;
- Өзге көмекші материалдар; (Ағартқыштар, флюстер, бөлектегіш лактар)

Эластикалық қалыптық материалдар

Аталмыш топқа альгинантты және силиконды материалдар жатады. Олардың барлығына ауыз қуысынан шығарып алар алдында эластикалық және резинатәрізді болуы тән.


Альгинантты массаның мынандай өкілдері бар: "Стомальгин", "Альтекс" (Австрия), "Альгетрал" (Германия), "Эластик" (США), "Альиикс" и "Верикол" (Япония), "Упин" (Словакия), "Кромопан" (Италия) және басқалары. Альгинантты массалар оңай дайындалады, протез орны тіндерінің көрінісін дәл береді, жақсы дезинфекцияланады және мүсіннен оңай ажыратылады. Сонымен қатар, олар қалыптық қасыққа нашар жапысады, үлкен шөгугерге (көлемін кішірейтуіне) байланысты мүсінді тез арада құюды талап етеді.

- ◎ Силиконды материалдар паста және сұйықтық катализатор("Сиэласт-69") түрінде, екі паста түрінде және әр түрлі консистенциялар түрінде де шығарылады ("Сиэласт-05", "Экзафлекс"). Материялдың құрамы диметилсилоксан полимерінен тұрады.

Стоматологиялық термопластикалық материалдар

- ◎ Термопластикалық массалар – 50-70°С температурада жұмсарады және ауыз қуысы температурасында қатаяды (37°С). Бұл көп компонентті зат. Олардың көбісінің құрамына: термопластикалық заттар(парафин, ара балауызы, церозин, стеарин), шайырлар(шеллак, канифоль және оның майлары), байланыстырушы және қатаюдан кейін қаттылығын жоғарлататын және толтырғыштар(бор, тальк, цинк оксиді), массаның жабысқақтығын азайтушы және қатаю мерзімін қысқартушылар.
- ◎ Термопластикалық массалар – протез орны тіндерінің кескінін дәл бермейді. Шырышты қабықтың бедерін тегіс көрсетеді. Себебі массаның аққыштық қасиеті төмен. Тіс қатарларының анық бейнесін термопластикалық массалардың көмегімен алу мүмкін емес.

Қалыптық материалдар.



Базистік балауыздар болуы керек:

- а) 37°С-та өзінің қаттылығын ұстап тұру қажет.
 - ⊙ Негіздік балауыз тістем біліктермен немесе жасанды тістермен ауыз қуыында қолданғанда олардың алдын-ала берілген керекті пішімін сақтап қалу керек.
- б) Мүсінге жабыспауы қажет.
- в) Залалсыздандырудан кейін қайта қолдануға жарауы керек.
 - ⊙ Негіздік балауыздар парафиннен және ара балауызы немесе церазиннен, шайырлар және бояғыштардан тұрады. Қызғылт түсті пластина түрінде 170x80мм, қалыңдығы 1,8x0,2мм түрінде шығарылады. 0,5кг-дық қораппен жеткізіледі. Жұмсартудан кейін өте иілімді материал, оңай пішінделеді.

- ⦿ Доғалық балауыз берілген аймақтарда керекті қалыңдықты өзгертпей қатаң сақтауы қажет. Дайын протездердің қаңқасын ауыз қуысында дұрыс орналасуын қамтамасыз етеді. Ол 82 мм диаметрмен, қалыңдығы 0,4 және 0,5мм-де диск түрінде шығарылады.
- ⦿ Доғалы протездерді жасау кезінде мүсіндерге аралық қабат ретінде және мүсіндеуіш аралық қабат ретінде, толық құймалы және комбинирленген негізді алмалы протездерді жасау кезінде қолданылады.



- Алынбайтын протездерге арналған балауыз болуы керек:
 - а) мүсінге оңай жағылуы және алдын-ала жағылған үлестерге жабысуы қажет.
 - б) мүсінде толық пішінін қайталау.
 - в) иілгіш қасиеті қысқа мерзімді болуы керек.
 - г) Жанған кезде күл қалдырмауы керек.
 - д) жақсы жонылуы (жаңқаланып) керек.
- Ол парафиннен, церазиннен, монтана-балауызынан және бояғыштардан тұрады. Көк түсті тік төртбұрыш таяқшалар түрінде шығарылады. Толық құймалы металокерамикалық протездерге “Модевакс” балауыз жиынтығы шығарылған. Қызыл, көк және жасыл түсті қоспалардан, әр түрлі сападан тұрады. Қызыл балауыз протездің мойындық бөлігінде қолданылады. Көкпен тістің аралық бөлігін, ал жасылмен - қаңқаларды мүсіндейді.


- Салмаларға арналған “Лавакс” балауызы ара балауызынан, монтандық балауыздан, парафин және бояғыштан тұрады. Әр түрлі түсті ланцет пішінді таяқша түрде шығарылады. Тіс тіндерімен жақсы қиуласады, 37°С-температурада қатаяды. Ауыз қуысында балауыздық құрлымдарды мүсіндегенде қолданады.

- Профилдік балауыздар – жоғары көрсетілген талаптарға жауап бере отырып, доғалы протез жасауда қаңқаларды мүсіндеуде қолданылады. Диаметрлі әртүрлі өзектер түрінде шығарылады, қол температурасында жұмсарады. “Восколит-1” жасыл түсті, құю жүйелерін орнатуда қолданылады. “Восколит-2” көк және қызыл түсті, мүсіннен тыс құйюда қолданылады. Және “Восколит-3” доғалы протездің балауызы қаңқасын мүсіндегенде қолданылады.
- "Формодент" комплекс құрамына силиконды пластина, доғалық протездің әр түрлі бөліктерін алуға болатын ойықтардан тұрады. Құю үшін өте аз мөлшерде күл қалдыратын жасыл немесе ашық қоңыр түсті балауыз қолданылады.

- ◎ Жабысқақ балауыз болуы керек:
 - а) жақсы желімдегіш сапаға ие болу керек.
 - б) берік болу керек.
 - в) морт болу керек, өйткені жабыстырылған бөлшектерді мүсіннен шығарар кезде білінбейтін деформациялардың мүмкіншідігін жою.
- ◎ Ол канифолдан, ара және монтана балауызынан тұрады. Қоспаның барлық талаптарына жауап береді.

Көмекші материалдар. Балауыздар.





Гипстік форманың беттік қабаттарының акрилді пластмассамен жабыспауын қамтамасыз етеді.



Металлокерамикалық жұмыстарға пластмассалық қалпақтардың жасалуына қолданылады.



Алмалы протездерде жасанды тіс түстерін таңдауда қолданылады.



Өздігінен қатаятын, күл қалдырмайтын мүсіндегіш пластмасса .



Тотықпайтын болат қортпалардан және пластмассадан әзірленген протездерді жалтыратуға арналған материалдар.



Ағартқыш, тотықпайтын болат бетіндегі тотық қабатын кетіруге арналған.

Цементтер:

Салмаларды, өзекті тістерді, сауыттарды және көпірлі протездерді бекітуге арналған.



- Тіс протездерін терең өңдеуде шлифмашиналар мен бормашиналар, абразивті материалдар – корунд және корборундтан жасалған дискілі бастар және фрезалармен жүргізіледі. Шлифмашинаға арнап керамикалық байламда кремний корбиттік дөңгелектерін және эластикалық байламда абразивті дөңгелектерін шығарады.

- ⦿ Пластмассалық және каучуктік протездерді өңдеу үшін тегістегіш фасондар секілді фрездер, үлкен өлшемді абразивті бастар (диаметрі – 6мм), тағы да сол сияқты әртүрлі пішінді болаттан жасалған бастар қолданылады.

Стоматологияда қолданылатын фрездер:

- ◎ қарапайым майда тіліктермен
- ◎ майда кресттәрізді тіліктермен
- ◎ майда спиральді тіліктермен
- ◎ ірі кресттәрізді тіліктермен
- ◎ өте майда кресттәрізді тіліктермен
- ◎ өте ірі кресттәрізді тіліктермен
- ◎ шар тәрізді фрездер



Тіс техникалық жұмысындағы материалдарды өндеуде қолданылатын ТВС (берік қортпа) фрездері



- ⦿ Пластмассадан және каучуктен, металдан жасалған протездерді тегістеу үшін шлифмашинаға арналған түкті және жіпті щеткалар, сонымен қатар фильц-басты және тығыз талшықты немесе фетра дискілер тағайындалған. Фильцтер 3 түрлі фасонда шығарылады: конустәрізді, дөңгелектәрізді және дисктәрізді.

Жалтыратуға арналған щеткалар:



Әсіресе, кобольто-хромдық каркасты тегістеуде, тегістеу пастасымен бірге қолданылатын щетка



Қозы жүнінен жасалған щеткалар



- ◎ Пішіндегіш материалдар – пішіндегіш қоспаларды дайындау үшін құю өндірісінде қолданылады. Олардың негізгі және көмекші түрі бар.

Негізгіге – кварцтық, циркондық,

Көмекшіге – байланыстырушы, отқа төзімді, күйіп кетуге қарсы жабындылар, желімдер, сылақтар, қалыптауыш опалар, ажыратқыш сұйықтықтар және т.б.

- ⦿ Протездеуге дейін тісті егеу және тегістеу үшін көптеген корундтан жасалған тегістігіш дөңгелектер шығарылады. Дөңгелектер 3 профилде шығарылады: сыртқы диаметрі 12,14,16,20,50 және 65мм болатын дискілі, сүйір диаметрі 18,20 және 22мм және кесетәрізті немесе конустық, диаметрі 13 және 18мм.

(Crowns and Bridges) PROSTHETICS SET No. 1 · Set-No.: TD763



899.314.027

● 8899.314.027



811.314.033



813.314.018



834.314.021



836KR.314.014



● 8836KR.314.014



● 8837.314.014



837L.314.014



859.314.010



● 6878.314.012

● 8878.314.012



878K.314.016



● 6885.314.012



● 8886.314.014



● 8392.314.016



874.314.009




● ● H34.314.010



H280K.314.012



H283.314.012



Набор инструментов для препарирования зубов под несъемные ортопедические конструкции.

- ◎ Тіс аралықтарын өңдеуде сепороционды дискілер – металдық және вулканиттік қолданылады. Оның бір беті – тегіс, ал екіншісіне – жіңішке қабатты абразив төселген. Металдық дискілер 18-20мм диаметрде, сонымен қатар вулканиттік дискілер 22мм диаметрде шығарылады. Дискілер бормашинаның ұшына дискұстағыш көмегімен қатырылады.